

Качир аудандық мәслихатының (IV сайланған XXVII сессиясы) 2010 жылғы 23 желтоқсандағы "Тіркелген жиынтық салықтың базалық мөлшерлемелерін бекіту туралы" N 2/27 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Качир аудандық мәслихатының 2011 жылғы 30 наурыздағы N 6/30 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 29 сәуірде N 12-8-107 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық мәслихатының 2013 жылғы 17 маусымдағы N 8/14 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық мәслихатының 17.06.2013 N 8/14 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 7-тармағына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422-бабы 2-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Качир аудандық мәслихатының (IV сайланған XXVII сессиясы) 2010 жылғы 23 желтоқсандағы "Тіркелген жиынтық салықтың базалық мөлшерлемелерін бекіту туралы" N 2/27 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-8-99 болып тіркелген, 2011 жылғы 26 ақпандағы N 9 "Заря" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

шешімнің атауы мынадай атауымен ауыстырылсын: "Тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелерін бекіту туралы";

көрсетілген шешімдегі "Салық салу объектілеріне қосымшаға сәйкес тіркелген жиынтық салықтың базалық мөлшерлемелері бекітілсін" 1-тармағы " Салық салу объектілеріне қосымшаға сәйкес тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелері бекітілсін" деген жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

С. Баяндинов

мәслихатының хатшысы

*К а ч и р а у д а н д ы қ
С. Баяндинов*